

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ТАЛАПТАРЫ

1. Осы құжатта және ШАРТ мәтіндерінде қолданылатын терминдер анықтамасы:

АБОНЕНТТІК IP-АДРЕСТЕР – ПРОВАЙДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН алу үшін АБОНЕНТ пайдаланатын IP-адрестер. АБОНЕНТТІК IP-АДРЕСТЕР ПРОВАЙДЕРДІҢ, АБОНЕНТТІҢ немесе үшінші тұлғалардың меншігінде бола алады. Бірінші жағдайда ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ пайдалану үшін өзінің адресстік кеңістігінен IP-адресстерді, IP-желілерді ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫНА жалғау жолымен немесе оларды бағдарлау (маршрутизация) арқылы береді. Қалған жағдайларда тек бағдарлау қолданылады.

АБОНЕНТТІК ПОРТ (ПОРТ) – ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫНЫҢ АБОНЕНТ пен ПРОВАЙДЕР желілерінің түйіспесі үшін қолданылатын интерфейс. АБОНЕНТТЕ бірнеше ПОРТТАР (қосылу тораптары) бар болған жағдайда, олардың біреуі негізгі ПОРТ, ал қалғандары – қосымша ПОРТТАР болып табылады. Негізгі ПОРТ бастапқы қосылу торабына сәйкес келеді, ШАРТТА көрсетілген негіздер бойынша АБОНЕНТ Интернет желісінен ажыратылған жағдайда, оған ПРОВАЙДЕР қызметтерімен өзара әрекеттесуге, сонымен қатар РЕСМИ САЙТҚА және оның барлық тарауларына, оның ішінде ЖЕКЕ КАБИНЕТ тарауына да тұрақты түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі байланыс арнасын қалыптастырады. Негізгі ПОРТТЫҢ мәртебесін АБОНЕНТТІҢ қалауы бойынша жазбаша өтініш негізінде АБОНЕНТТЕГІ басқа ПОРТҚА (қосылу торабына) қатысты орнатуға болады.

АВТОНОМДЫҚ ЖҮЙЕ (AS) – бұл, RFC-1930 құжатына сәйкес, бірыңғай және нақты анықталған желіктеу (маршрутизация) саясаты бар, бір немесе бірнеше байланыс операторларымен басқарылатын, IP-желілерінің жиынтығы.

РЕСУРС АДМИНИСТРАТОРЫ – заңды негізде ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСЫН басқаруды жүргізетін, соның ішінде, тұтас алғанда ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІ РЕСУРСЫНЫҢ әлемдік Интернет желісімен өзара әрекеттесу саясатын, сондай-ақ басқа да пайдаланушылардың ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСЫНА қатысты құқықтарын анықтайтын тұлға.

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ-ТАБЫСТАУ АКТІСІ – қосылу, қосымша порттар беру мен т.с.с. бір реттік ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ орындалғанын растап ТАРАПТАРДЫҢ қол қоятын құжаты. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ көрсеткен бір реттік ҚЫЗМЕТТЕР нақты көрсетілгеннен кейін рәсімделеді. Келесі ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ТАБЫСТАУ-ҚАБЫЛДАУ АКТІЛЕРІН рәсімдегенде алдыңғылары өздерінің заңды күштерін жоғалтпайды.

БАЛАНС – АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРМЕН есеп айырысуларының есебін жүргізу үшін пайдаланылатын және АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕР БИЛЛИНГІСІНДЕГІ барлық қаржылық операциялар көрсетілетін аналитикалық шоты. АБОНЕНТТІҢ аналитикалық шотын жүргізудегі ұстанымдары бухгалтерлік есепте қабылданған ұстанымдарына ұқсас. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ ҚЫЗМЕТТЕР көрсету барысында АБОНЕНТ БАЛАНСЫНЫҢ мәні азаяды. АБОНЕНТ БАЛАНСТЫ толықтырғанда БАЛАНСТЫҢ мәні ұлғаяды.

БИЛЛИНГ (пайдаланылған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК көлемінің есебі) – ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ көрсететін ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ есебі амалдарын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарифтеуге және төлем шоттарын жасап беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ – ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ көрсетуді қайта бастауы. ҚЫЗМЕТТЕР КІДІРТІЛГЕННЕН кейін ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ тек АБОНЕНТТІҢ БАЛАНСТЫ АЖЫРАТУ ШЕГІНЕН артық мәнге дейін толықтырғанынан кейін ғана мүмкін. Бұл орайда, ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУДЫ ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ төлемі расталғаннан кейін немесе АБОНЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ төлемі берешектері жеткілікті мөлшерде өтелгенін растайтын құжаттары көрсетілгеннен кейін (ҚЫЗМЕТТЕР КІДІРТІЛГЕН жағдайда) 24 сағат ішінде іске асырады. ШАРТ ТОҚТАТЫЛҒАННАН кейін ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ жүргізілмейді.

ШАРТ – АБОНЕНТ пен ПРОВАЙДЕР арасындағы жазбаша келісім, оған қоса барлық қосымша келісімдер, және АБОНЕНТТІҢ нақты ҚЫЗМЕТТЕРДІ көрсету туралы жазған өтініш-хаттары, сонымен қатар РЕСМИ САЙТТА орналасқан қолданыстағы тарифтері мен ТАЛАПТАРЫ.

DNS (Domain Name Server) – домендік есімдер қызметі – символдық домендік есімдерді IP-адресстерге және керісінше айналдыруға арналған орталықтандырылған қызмет.

E-MAIL АДРЕС – электронды пошта адресі.

ЗАҢ – 2004-07-05 күнгі No 567-II «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңы.

АБОНЕНТТІҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ – желі пайдаланушыларының арасынан тура айырып тануға мүмкіндік беретін IP-АДРЕС, E-MAIL-АДРЕС, MAC-АДРЕС және т.с.с. желі пайдаланушысының персоналды белгілері.

ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК – АБОНЕНТТІҢ барлық АБОНЕНТТІК IP-АДРЕСТЕРІ бойынша алатын және пайдаланатын ақпарат көлемі.

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС – ақпараттың сақталуын және берілуін қамтамасыз ететін шеткі жүйе.

IP-АДРЕС – желіаралық IP протоколын пайдаланатын әрбір белсенді құрылғының желідегі орналасқан орнын анықтайтын жазба. Желіге қосылған уақытта әрбір белсенді желілік құрылғыға бірегей IP-АДРЕС беріледі. ПРОВАЙДЕР желісі аумағында жалғанылған желінің IP-АДРЕСІ ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТТІ қосқан уақытында тағайындалады. АБОНЕНТТІК IP-АДРЕСТЕР туралы мәлімет қосылу кезінде тиісті жұмыстар нақты аяқталғаннан кейін ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ТАБЫСТАУ-ҚАБЫЛДАУ АКТІСІНДЕ көрсетіледі.

ЖЕКЕ КАБИНЕТ – АБОНЕНТ пайдаланған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИГІ көлемінің есебі туралы деректер, шот-фактуралар мен өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің электронды нұсқаларын ала алатын, ажыратуды ескерту жүйесін жөнге келтіре алатын, сонымен қатар қауіпсіздік баптауларын реттей алатын АБОНЕНТТІҢ РЕСМИ САЙТТАҒЫ жеке тарауы. ЖЕКЕ КАБИНЕТ арқылы көрсетілетін қызметтердің қатары келешекте кеңейтілуі мүмкін.

MAC-АДРЕС – Әрбір белсенді желілік Ethernet құрылғысына желіде танылуы үшін берілетін бірегей оналтылық сериялық нөмір. MAC-АДРЕС желілік құрылғыға өндірушінің құрылғыны жасау кезінде тағайындалады.

ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫ – ПРОВАЙДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ көрсетуі үшін қажетті техникалық құрылғылары (серверлер, коммутаторлар және т.с.с.), жалғағыш кабельдері. АБОНЕНТ қосылған жерлерде орнатылған ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫ ПРОВАЙДЕРДІҢ жеке меншігі болып табылады, және кез келген негіздер бойынша ШАРТ бұзылған және/немесе ШАРТ ТОҚТАТЫЛҒАН жағдайларда ПРОВАЙДЕРГЕ қайтарылуы тиіс. ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫНА жоспарлы және жоспардан тыс профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізуге ПРОВАЙДЕР құқылы. АБОНЕНТКЕ ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫНА рұқсат етілмеген қол жеткізу әрекеттерін жасауға тиым салынады. Осы талап бұзылған уақытта жауапкершілік толығымен АБОНЕНТКЕ жүктеледі.

АШЫҚ РЕСУРСТАР – АБОНЕНТ ҚЫЗМЕТТЕРІ КІДІРТІЛГЕН жағдайда қол жеткізу сақталынып қалатын ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСТАРЫ.

РЕСМИ САЙТ – www.1-gigabit.kz веб-сайты.

АЖЫРАТУ ШЕГІ – 30 күнтізбелік күн үшін салықтарды қоса есептегендегі АБОНЕНТТІҢ IP-АДРЕСТЕР мен ПОРТТАРДЫ жалға алу құны сомасына тең БАЛАНС мәні.

ҚАҒИДАЛАР – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011-12-30 күні бекіткен No1718 «Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» қаулысы. Қағида мәтіні РЕСМИ САЙТТА орналастырылған.

ШАРТТЫ ТОҚТАТУ – ТАРАПТАРДЫҢ ШАРТ бойынша, Қазақстан Республикасы қазіргі заңнамасында, ҚАҒИДАЛАРДА, ШАРТТА қарастырылған жағдайлар бойынша өзара міндеттемелерді толық тоқтатуы. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ТАРАПТАРДЫ ШАРТТЫ ТОҚТАТУҒА дейін орын алған ШАРТ талаптарын бұзудың жауапкершілігінен босатпайды.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ КІДІРТУ – АБОНЕНТ БАЛАНСЫ АЖЫРАТУ ШЕГІНЕН төмен мәнге жеткен жағдайдағы ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТТІ Интернет желісіне қол жеткізуін уақытша шектеуі. ҚЫЗМЕТТЕР КІДІРТІЛГЕН уақытта АБОНЕНТКЕ берілген IP-АДРЕСТЕР мен ПОРТТАР және оларды қолдау мен жалдау төлемін жасау міндеттемесі АБОНЕНТТЕ сақталынып қалады. ҚЫЗМЕТТЕР КІДІРТІЛГЕН уақытта АБОНЕНТТЕ АШЫҚ РЕСУРСТАРҒА қол жеткізу сақталынып қалады. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ АБОНЕНТ БАЛАНСТЫ АЖЫРАТУ ШЕГІНЕН артық мәнге дейін толықтырғаннан кейін автоматты түрде жүргізіледі. ҚЫЗМЕТТЕР КІДІРТІЛГЕНнен кейін, ҚЫЗМЕТТЕР ҚАЙТА БАСТАҒАНҒА дейін, АБОНЕНТІҢ белсенділігінен тыс, АШЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ қол жеткімділігіне және АБОНЕНТТЕ НАҚТЫ IP-АДРЕСТЕРДІҢ бар болуына байланысты ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ аз мөлшерде қалыптасуына жол беріледі. ПРОВАЙДЕР ҚЫЗМЕТТЕРДІ КІДІРТУДІ ҚАҒИДАЛАРДА белгіленген жағдайларға байланысты жүргізеді.

НАҚТЫ IP-АДРЕС – ЖЕКЕ IP-АДРЕСТЕРДІ қоспағандағы кез келген IP-АДРЕС. АБОНЕНТТІҢ НАҚТЫ IP-АДРЕСТЕРДІ пайдалануы АБОНЕНТКЕ алатын ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ешқандай шектеу қоймайды.

ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСЫ – желілік ресурстар, сонымен қатар ақпараттық ресурстар.

ЖЕЛІЛІК ИНТЕРФЕЙС – кез келген белсенді желілік құрылғының желіге қосылуына қызмет көрсететін интерфейс. ЖЕЛІЛІК ИНТЕРФЕЙС ретінде Ethernet стандартындағы желілік адаптері және

сол тектес құрылғылар қызмет ете алады. Кез келген белсенді желілік құрылғының деректер пакетін қабылдауы/жөнелтуі ЖЕЛІЛІК ИНТЕРФЕЙС арқылы іске асырылады.

ТАЛАПТАР – осы «Қызмет көрсетудің жалпы, техникалық және арнайы талаптары».

ҚЫЗМЕТТЕР – 2000-03-28 күні берілген МТК No ДС 0001138 лицензиясы негізінде және ШАРТҚА сәйкес көрсетілетін Интернет желісіне қол жеткізу (деректерді тасымалдау), IP-АДРЕСТЕРДІ жалға беру, ПОРТТАРДЫ жалға беру қызметтері, сондай-ақ қосымша қызметтер. Қосымша ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ тізімі мен оларға ақы төлеудің талаптары РЕСМИ САЙТТЫҢ тиісті тарауында (секторында) орналастырылған. АБОНЕНТКЕ көрсетілетін нақты ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ тізімі ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ТАБЫСТАУ- ҚАБЫЛДАУ АКТІЛЕРІНДЕ белгіленеді.

ОРНАТУ – ПРОВАЙДЕР ЖАБДЫҒЫН және/немесе бағдарламалық қамсыздандыруын белгіленген мақсатына сай жұмыс істеуін тексере отырып, және ОРНАТУ барысында анықталған ақаулықтарды жоя отырып, жөнге келтіру (іске қосу-реттеу), монтаждау.

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ – ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПРОВАЙДЕР нақты көрсететін, ал АБОНЕНТ алатын күнтізбелік бір айға (есептік ай) тең уақыт аралығы.

ЖЕКЕ IP-АДРЕС – ПРОВАЙДЕРДІҢ ішкі желісінде локальды пайдалану үшін алдын ала сақталынып қойылған және RFC-1918 құжатында анықталған IP-АДРЕСТЕРДІҢ бірі. Барлық ЖЕКЕ IP-АДРЕСТЕР НАҚТЫ IP-АДРЕСТЕРГЕ адресстерді тарату технологиясы (Network Address Translation, NAT) арқылы түрлендіріледі. АБОНЕНТТІҢ ЖЕКЕ IP-АДРЕСТЕРДІ пайдалануы алатын ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ белгілі бір шектеулер таңады (атап айтқанда, IP-телефонияның жекелеген түрлерін пайдаланудың мүмкін еместігі, Интернет-банкингтің жекелеген жағдайлары және т.с.с.).

2. АБОНЕНТ ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ТАБЫСТАУ- ҚАБЫЛДАУ АКТІСІН алған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде қол қояды, немесе сол мерзімде жазбаша түрде дәлелді бас тартуды ПРОВАЙДЕРГЕ жөнелтеді. Дәлелді бас тартуды көрсетілген мерзім ішінде ПРОВАЙДЕР алмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген Актілер бойынша жұмыстарды АБОНЕНТ қабылдады саналады.
3. Интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығы АБОНЕНТТІҢ берген өтінішіне қарай 100Мбит/с, 1Гбит/с, немесе 10Гбит/с құрайды. Сымсыз қосылудың бұған қатысы жоқ. Қол жеткізу қызметі өзінің техникалық сипаттамалары бойынша тек ПРОВАЙДЕРДІҢ торабына дейін ғана өткізу қабілетін сақтауға кепілдік береді.
4. АБОНЕНТ Интернет желісі РЕСУРСТАРЫНЫҢ АДМИНИСТРАТОРЛАРЫ қандай да бір ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСТАРЫНА қол жеткізуді шектей алатынын және ПРОВАЙДЕРДІҢ осы секілді әрекеттер үшін жауапкершілік көтермейтінін мойындайды.
5. Абоненттік төлем қарастырылмаған. АБОНЕНТ ШАРТТЫҢ қаржылық шарттарына сай нақты алынған ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ғана ақы төлейді.
6. Пайдаланылған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК төлемі ең үлкен құрамдас бөлігі бойынша (ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ қайсысы үлкен мәнге ие болғанына байланысты, тек кіріс трафигі, немесе тек шығыс трафигі бойынша) жүргізіледі.
7. ПРОВАЙДЕРДІҢ адресстік кеңістігіндегі IP-АДРЕСТЕР АБОНЕНТ өтініші негізінде беріледі және қайтарылады.
8. АБОНЕНТТІҢ адресстік кеңістігін бағдарлау үшін BGP протоколын қолдау АБОНЕНТТІҢ өтініші негізінде іске асырылады.
9. ПРОВАЙДЕР OSI моделінің үшінші деңгейіндегі АБОНЕНТТІК ПОРТТАРДЫ береді.
10. ПРОВАЙДЕРДІҢ пошталық серверінен E-MAIL АДРЕСТЕРІН беру, қолданыстағыларын өшіру немесе жаңаларын құру АБОНЕНТ өтініші негізінде іске асырылады. Кез келген негізде ШАРТ ТОҚТАТЫЛҒАН жағдайда ПРОВАЙДЕРДІҢ пошталық серверінде орналасқан АБОНЕНТТІҢ барлық E-MAIL АДРЕСТЕРІ автоматты тәртіпте өшірілуі тиіс. АБОНЕНТ берілген E-MAIL АДРЕСТЕРДІ 6 (алты) айдан көп уақыт қолданбаған жағдайда, ПРОВАЙДЕР оларды өшіруге құқылы.
11. Нысанды Интернет желісіне қосу кезінде, ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандары келген мезетке дейін, АБОНЕНТ Ethernet желілік карталы компьютердің бар болуын қамтамасыз етеді. Интернет желісіне бір компьютерден көп компьютерлерді қосатын болған жағдайда, АБОНЕНТ өзінде қосылатын компьютерлердің саны +1 мәнінен кем емес порттары бар желілік коммутатордың (Ethernet switch) бар болуын қамтамасыз етеді.
12. АБОНЕНТ нысандарын Интернет желісіне қосудың, сондай-ақ ПРОВАЙДЕР мамандарының сәйкес өтініштерінің негізінде жұмыстарды орындауының мерзімдерін ПРОВАЙДЕР ішкі монтаждау-техникалық жұмыстарды орындау графигіне сәйкес, техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, өз бетінше белгілейді. АБОНЕНТТІҢ Интернет желісіне қосу нысанының орналасқан жері бір үй-жайдың (ғимараттың) аумағында өзгерген жағдайда, қосымша монтаждау-техникалық жұмыстарын жүргізуді және оның салдары ретінде уақыт шығынын қажет ететін жағдайларды қоспағанда, ПРОВАЙДЕР мамандарының жұмыстарды орындау мерзімі АБОНЕНТТЕН сәйкес өтінішті нақты алған мезеттен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі кезеңді құрайды.
13. АБОНЕНТ өз жабдығындағы компьютерлік вирустар мен басқа да зиянкес бағдарламалық қамсыздандырулардың алдын алу мен жоюына қажетті барлық шараларды өз бетінше қолға алады.

14. АБОНЕНТ өзінде нақты АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРІНІҢ бар болуы АБОНЕНТТІҢ белсенділігінен тыс Интернет-трафиктің құрылуына әкеп соғатынын түсінеді.
15. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және үшінші бір тұлғалардың рұқсат етілмеген жолмен ҚЫЗМЕТКЕ қол жеткізуін болдырмау мақсатында ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ жабдығының МАС-АДРЕСТЕРІНІҢ АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРГЕ байланымын жасайды. Бұл орайда АБОНЕНТТЕ бұл байланымды жабдықтарды жаңарту және т.с.с. жұмыстарды жүргізу үшін ЖЕКЕ КАБИНЕТ арқылы уақытша тоқтата тұруға техникалық мүмкіндігі бар. Байланымды үзгеннен 1 (бір) сағат уақыт өткеннен кейін, ол автоматты тәртіпте қайта қалпына келеді. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ жабдығының АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРГЕ байланымын үзу санын шектемейді. Алайда, АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРГЕ қандай жабдық байланғанынан тәуелсіз, олар арқылы өтетін барлық ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ мазмұны мен төлеміне жауапкершілік АБОНЕНТКЕ жүктеледі.
16. АБОНЕНТ ІР-АДРЕСТЕРДІҢ ПРОВАЙДЕРГЕ RIPE NCC ұйымы тарапынан берілгенін түсінеді және қажет жағдайда ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІҢ адрестік кеңістігіне тиесілі АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРДІ алдын ала 10 (он) күнтізбелік күн бұрын АБОНЕНТТІ ескерту арқылы біржақты тәртіпте өзгерте алады. Мұндай жағдайларда сәйкес қайта баптауларды жүргізу үшін ПРОВАЙДЕР маман жіберуді өз күшімен және өз есебінен қамтамасыз етеді.
17. Қажет болған жағдайда, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ иелігіне берілген DNS-серверлерінің адрестерін алдын ала 10 (он) күнтізбелік күн бұрын АБОНЕНТТІ ескерту арқылы біржақты тәртіпте өзгерте алады. DNS-серверлерінің адрестерін өзгертуге сәйкес қайта баптауларды жүргізу үшін ПРОВАЙДЕР маман жіберуді өз күшімен және өз есебінен қамтамасыз етеді.
18. ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ тарифтеу бірлігі ретінде 1 (бір) байт қабылданған. Басқа өлшем бірлігінің пайдалану тек қабылдау ыңғайлылығы себепті. Сәйкесінше, трафик үшін төленуі тиіс сома, құжатта қолданылған өлшем бірлігінен тәуелсіз, қабылданған өлшем бірлігін пайдаланғандағы есептеуден асып түспейді.
19. Пайдаланылған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ көлемін есептеу үшін ПРОВАЙДЕР негізгі бағдарламалық камсыздандыру ретінде «TRAFFIC METER» (<http://www.trafficmeter.org>) бағдарламасын қолданады.
20. ПРОВАЙДЕР нақты бір уақыт аралығында АБОНЕНТ пайдаланған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ талдауын басқартылған көлемде де, сонымен қатар толық көлемде де, АБОНЕНТТІҢ бірінші басшысының немесе басқа да уәкілетті лауазымды тұлғасының қолы қойылған, сондай-ақ мөрі басылған, өтінішінің негізінде бере алады. Бұл орайда талдауды дайындау мерзімін ПРОВАЙДЕР өзінің ішкі құжаттамалары мен тәртібіне сәйкес өзі бекітеді. ИНТЕРНЕТ-ТРАФИГІ талдауын ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ электронды түрде береді.
21. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ пайдаланған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК бойынша мәліметтерді ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ орналастырады. Бұл орайда АБОНЕНТ пайдаланған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК бойынша мәліметтер әрбір компьютер үшін АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРІ бойынша сәйкестендіріледі. Пайдаланушылар шектеулі тәртіпте және тек АБОНЕНТТІҢ нақты бір ғана пайдаланушы компьютеріндегі АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕС бойынша өткізілген ИНТЕРНЕТ-ТРАФИККЕ қатысты мәліметтерге қол жеткізе алады. АБОНЕНТТІҢ барлық АБОНЕНТТІК ІР-АДРЕСТЕРІНЕ сәйкестендіре отырып пайдаланған ИНТЕРНЕТ-ТРАФИКТІҢ толық ақпаратына қол жеткізу АБОНЕНТТІҢ уәкілетті лауазымды тұлғаларына ПРОВАЙДЕР тарапынан берілген пароль негізінде жүзеге асырылады.
22. ПРОВАЙДЕРДІҢ және өзге де ұйымдардың алдында АБОНЕНТ желіге өзі қосқан үшінші тұлғалардың жұмыс тәртібі мен қағидаларын орындауы үшін жауапкершілік көтереді.
23. Осы талаптар ПРОВАЙДЕРДІҢ барлық АБОНЕНТТЕРІ үшін жалпыға міндетті болып табылады. ШАРТҚА қол қоя отырып АБОНЕНТ осы талаптарды шүбәсіз және мүлтіксіз орындауға келісім бергенін, оларды бұзғандағы жауапкершілікті толығымен қабылдағанын мойындайды. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІ ескертусіз ТАЛАПТАРДЫ өзгертуге және толықтыруға құқылы. Бұл орайда АБОНЕНТТІҢ ТАЛАПТАРҒА келісімі берілді деп болжамдалады. ТАЛАПТАРМЕН тікелей реттелмеген АБОНЕНТ пен ПРОВАЙДЕР арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы ҚАҒИДАЛАРМЕН, ЗАҢМЕН, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен және АБОНЕНТ пен ПРОВАЙДЕР құқықтық қатынасына қолданылатын басқа да нормативтік құқықтық актілермен реттелуге жатады.